

Иманбаева С.С.¹, Сандықбаева О.Д.², Аширова А.Т.³,

¹Қазақ ұлттық аграрлық университеті қауымдастырылған профессор, доцент, Қазақстан, Алматы қ.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ²ф.ғ.к., аға оқытушы, ³ф.ғ.к., доценті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru, sandykbaeva@mail.ru, anara_314@mail.ru

«ЗАР ЗАМАН» АҢЫМЫ АҚЫНДАРЫНЫҢ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ ЕЛДІК ИДЕЯСЫ

Мақалада XIX ғасырдағы заманның болмысын, ахуалын, батыл жырлаған, өздерінің азаматтық ой-пікірін ашық, білдірген ойшыл «Зар-заман» ақындарының шығармашылық, толғаулары қарастырылады.

Қазақ халқының тарихи-әдеби мұралары-ұлттық мәдениетіміздің, тарихымыздың негізгі өзегі, оның маңызды саласы. Әрбір қоғамдық дәуірдің ойшыл, өршіл ақындары ел өміріндегі күрделі тарихи оқиғаларға үн қосып, өз заманының көкейтесті мәселелерін көтеріп, үнемі халық жағынан табылып, оның мұддесін көздеңен ұраншысы міндеттін атқарды.

Дулат Бабатайұлының, Шортанбай Қанайұлының, Мұрат Мөнкеұлының шығармашылық мұраларының жарық, көрмей, оқытылуға тиым салынған шығармалар есебінде бағалануының өзіндік саяси себептері бар.

Себебі, көркем сөзді халыққа қызмет ететін қару деп үғынған, ақындар өз толғауларында отарлық, езгінің шырмауындағы халқының мұн-мұқтажын, ата-қоныс жерінің тарылуын, дінінің ұлттық салт-дәстүрінің «аяқ асты» тапталуын, елді сұліктей сорған патша ұлықтарымен бірігіп, тұған халқын қанаған атқамінер бай-бөлістардың істерін әшкерелеп, өз заманының өткір әлеуметтік қайшылықтарын ашық толғап туындыларында көтерді. Заман жайлы сол бір арпалыс тұсындағы ұлтының тағдыры туралы шерлі толғаныстарын, толғауларының құшімен қоғамдық ойға айналдыра білді.

Түйін сөздер: Ұлы дала, жеті қыр, рух, зар заман, ата қоныс, толғау, ұлық, би-бөліс, хандық, құндылық, азаттық, отар.

Imanbaeva S.S.¹, Sandykbaeva O.D.², Ashirova A.T.³,

¹Associate Professor of the Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan,

²Candidate of Philological Sciences, ³Candidate of Philological Sciences Associate Professor of the
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru, sandykbaeva@mail.ru, anara_314@mail.ru

???????????????????

?????

This article is devoted to the creative thoughts of the poets of the so-called era "Zar Zaman" ("Sorrowful Times"), in which they openly expressed their civic position, boldly chanting the reality of the XIX century.

The historical and literary heritage of the Kazakh people is the core of our national history and culture, its important part. Purposeful poets – thinkers at every social system in difficult historical moments in the life of their country always stood on the side of the people, raising its pressing problems, were heralds, the spokesman of the interests of ordinary people.

The literary heritage of such thinker poets as Dulat Babatayuly, Shortanbai Kanayuly, Murat Munkeuly has long been considered and evaluated as forbidden to read and publish a work that had its own political reasons.

Understanding the word as a weapon of service to the people, the poets in their thoughts described the sufferings of the common people from colonial oppression, the reduction of the ancestral lands and the disrespectful attitude to the issues of national traditions and religion of the people; exposed the ve-

nality of local managers in the face of the parish. Thus, the poets, in their thoughts about the fate of the nation at a difficult hour, were able to express the social thought of their time.

Key words: Great Steppe, seven facets, spirit, sorrowful times, the land of the fathers, meditations, the khanate, values, freedom, a colony.

Иманбаева С.С.¹, Сандықбаева Θ.Д.², Аширова А.Т.³,

¹ассоциированный профессор, доцент Казахский национальный аграрный университет, Казахстан, г. Алматы,

²к. ф. н., ³к. ф. н. доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

e-mail: sabira.imanbaeva@mail.ru, sandykbaeva@mail.ru, anara_314@mail.ru

?????????????????

???

Данная статья посвящена творческим раздумьям поэтов так называемой эпохи «Зар заман» («Скорбные времена»), в которых они открыто выразили свою гражданскую позицию, смело воспевая действительность XIX века.

Историко-литературное наследие казахского народа – ядро нашей национальной истории и культуры, ее важная часть. Целеустремленные поэты – мыслители при каждом общественном строе в сложные исторические моменты в жизни своей страны всегда выступали на стороне народа, поднимая его насущные проблемы, являлись глашатаями, выразителем интересов у простого народа.

Литературное наследие таких поэтов-мыслителей как Дулат Бабатайулы, Шортанбай Канайулы, Мурат Мункеулы долгое время считалось и оценивалось как запрещенные для чтения и издания произведения, что имело свои политические причины.

Понимавшие слово, как оружие служения народу, поэты в своих раздумьях описывали страдания простого народа от колониального гнета, уменьшение исконных земель неуважительное отношение к вопросам национальных традиций, религии народа; разоблачали продажность местных управленцев в лице волостных. Таким образом поэты в своих раздумьях о судьбе нации в трудный час сумели выразить общественную мысль своего времени:

Ключевые слова: Великая степь, семь граней, дух, скорбные времена, земля отцов, раздумья, ханство, ценности, свобода, колония.

Kіріспе

Жаһандану жағдайында тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің алдынақойған мақсаттарға жетедегі басты кепілдіктерінің бірі – халықтың өз тарихын, әдебиетін терең игеруі, тағылымдық мәнін жадында ұстаяу. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың идеясымен жүзеге асып жатқан «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларының жүзеге асуы тарихи-әдеби танымның қоғамдық дамудағы алатын орнын терең ұғынудан туған шара екені даусыз. «Рухани жаңғыру» идеясының негізгі бағыттарымен «Зар-заман» ақындарының толғауларындағы елдік ұстанымдарының негізгі құндылықтары ұштасып халық жадында қайта жаңғыруда. Өйткені, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-әдеби құнды мұраларын жинақтап ұлттымыздың рухани қазынасына айналдырып тағылым алу қажет. Қазіргі таңда ұлттық мәдениетімізге халқымызың руани мұрасына айрықша мән беріліп отыр, өйткені шынайы дербестік тек экономикалық тұғыданған анықталмайды,

ұлттық рухани мәдениеттің өзіндік ерекше өрнектерімен де анықталады.

Біз қарастырып зерделеу нысанасы етіп отырған, XIX ғасырдағы халқымыздың қоғамдық ойын бейнелеуге зор ықпал жасаған “Зар-заман” ағымының аса ірі өкілдері Дулат Бабатайұлының, Шортанбай Қанайұлының, Мұрат Мөңкеұлының шығармашылық мұралары да тарихи шындықтан алшақ, теріс бүрмаланып түсіндіріліп, қоғамдық ойымызда, тарихымызда әдебиетімізде өзінің тиісті бағасын алған жоқ.

“Өнегелі дана жоқ жерде, өнерлі бала да жоқ”, – деп халқымыз дәл айтқандай, әрбір жаңа үрпақ өзінің алдында өткен данагей кеменгерлердің тәрбиелік мән-мағынасы терең, адамгершілік мақсат-мұралтарын білдіретін, ғибратты ой толғаныстарынан тәлім-тәрбие алуы тиіс. Халқымыздың сан ғасырлық тарихымен бірге дамыған, оның қоғамдық ойының көрінісі ретінде жинақталған, ғибратты тағылымды ойға бай рухани, әдеби мұраларын, елдің болашағына кепілдік болар жас буынның бойына сіңіріп, ойына руханилықтың мәнін дер кезінде білгізу қажет.

Егеменді еліміздің өртепі үшін, өскелен ұрпақтың азаматтық санасын қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Халқымыздың ұлттық тарихымен сабактас әдебиетімізді де қазіргі рухани болмысымызға сай жаңаша көзқарас тұргысынан зерделеуіміз қажет. Әдебиетіміздің актаңдақ беттері де, ел тәуелсіздігіне ие болғаннан кейін кешенді түрде зерттеле бастады. Ұзақ жылдар бойы қоғамдық идеологияның жетегінде шығармашылық мұралары біржакты теріс бағаланып, есімдерін халық жадынан күштеп аластатқан, айтулы ақын-жазушыларымыздың шығармашылық мұралары әдебиетімізге қайта оралды.

“Зар-заман” ақындарының азаматтық ой-пікірін, әдеби мұрасын тұтастай қамтып, жеке тұлға ретінде өмірбаянын, шығармашылығын зерттеу ісі тәуелсіздік жылдарында өріс алып отыр. Отарлық езгідегі халқының мұнын толғап, жоғын жоқтап өздері өмір сүрген дәуірді “зар-заман” деп бейнелеген осы ағымның ақындары Дулат Бабатайұлының, Шортанбай Қанайұлының, Мұрат Мөңкеұлының шерлі шығармашылық мұраларымен жастаңды таныстырып, объективті бағалау, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның жастаңын елдік рухта тәрбиелеу үшін қажет.

Ресей империясының 1822-1824 жылдары шығарған Қазақ даласын басқару жөніндегі ережелерінің талаптарына сай өлкеде дәстүрлі хандық басқару жүйесі жойылды. XIX ғасырдың II жартысында пәрменді отарлау саясатының нәтижесінде, қазақ жері бөлшектеніп, рулық жүйесі ыдырап, айламен, құшпен дінге шоқындыру арқылы халықтың діні, тілі, ұлттық әдет-ғұрпымың негіздері бұзылып, кіріптарлық халге түсірілді.

Хандық жойылышп, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген соң, қазақ жерін “бөлшекте де би-лей бер”, дейтін отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілік территорияларға бөлінді. Орыс тілін білгендерді болыс қою, аралас типтегі мектеп түрлерін ашу, араб жазуын, орыс жазуын на алмастыру әрекеті де осы тұста қолға алынды.

1867-1868 жылғы әкімшілік реформасы сол кезеңге дейінгі қазақ қоғамына тән болымсыз дербестің ізін де қалдырмай жойды. Қазақ даласы темір құрсаудай әскери феодалдық басқару жүйесі орнаған евразиялық империяның шет аймағына айналды. 1868, 1886 (Түркістан уалятындағы қазақтар үшін) және 1891 жылғы қазақ елін басқаруға арналған зандар қазақ жерін орыс мемлекетінің меншігі деп жарияладп, оған ішкі Ресейден келіп қоныстанушыларға кең жол

ашып берді (Koigeldiyev, 1993). Патша өкіметі ашық түрде қазақ шаруаларын егіншілікке жарамды жерлерден ығыстыру саясатына көшті. Соның нәтижесінде дәстүрлі қазақ мал шаруашылығы терең дағдарысқа ұшырады. Орыс шаруаларының, келімсектерінің қазақ жерін еркін жыртып, тозған жерлерді тастап, жана құнарлы жер алышп, бүкіл ен даланың тозып-тоналуын өрістетті.

“Жер тағдыры – ел тағдыры”, екендігін жете пайымдаған ақын-жыраулар қоныстандыру саясатының зардалтараты, нәтижелері тек халықтың күйзеліс пен кедейшілікке ғана емес, сонымен бірге жерінің тозып, халықтың ішкі рухани тірегі болған тілі мен діні, әдет-ғұрып салт-санасы, “аяқ асты” болатындығын өз шығармаларында дер кезінде көтерді.

Қазақ елі отаршылдық қақпанға түскен соң, енді екі жақты экономикалық әрі рухани қанауга ұшырады. Екі жақты салық төлеуге мәжбүр болды. Ұлттық-сөндө болмаған отаршыл саяси әлеуметтік билік, сол тұстағы поэзиялық туындыларда ұлт мұддесі тұргысынан шыншылдықпен жырланған жалпы қанауга қарсы бағытталған сарынды қүшайте түсті.

Өйткені, шын мәнінде реалистік бағыттағы көркем әдебиет отаршылдық дәуір табигаты тудырған, ел билеу жүйесіндегі сырттан күшпен ендірілген өзгерістерге бұқара халықтың көзқарасы мен ой-пікірін, қарым-қатынасын білдірмей тұра алмады. “XIX ғасырдың басында ғұмыр кешкен ақын-жыраулар поэзиясындағы басты да өзекті сарын – халықтың отаршылдық құрығынан шығуға талпынған бұлқындысы үш аймаққа бөлініп ыдыраған қазақ елінің үш аймағында, үш түрлі жағдайда қалыптасты (Myrzakhmetov, 1993)” – деп тұжырымдайды ғалым әдебиетші Мекемтас Мырзахметов. Бұл дәуірде өмірге келіп шығармашылық жолға түскен қазақ ақын жыраулары негізінен ауызаша поэзия саласында еңбек етіп, өз заманының көкейтесті саяси әлеуметтік мәселелерін жырлады. Зар-заман ағымы қазақ қоғамдық-ойы, әдебиеті тарихындағы күрделі бір кезен.

Ұлт мұддесінің жоқтаушысы болған “Зар-заман” ағымының ақындары өлең-толғауларында біріншіден кең байтақ қазақ даласын экономикалық және идеологиялық жағынан толық менгеру үшін неше түрлі шара амалдарды жүргізген отарлау саясатын әшкерелеп, соны халықтың санасына жеткізіп, қоғамдық-ой дәрежесіне көтеруге ұмтылды.

“Зар-заман” ағымының ақындарының шығармашылығын зерттеп тануда М. Әуезовтың

“Әдебиет тарихы”, атты зерттеу еңбегінің маңызы өте зор. Қазақ әдебиетінде, қоғамдық ойында шығармалыры қайшылыққа толы ақындар – “Зар-заман” ақындары.

М. Әуезов: “Зар-заман деген – 19 ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі іргелі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір бәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына “зар-заман” ақындары деген ат қойдық. ... Зар-заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты, Абайға келіп тіреледі. Сондықтан қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар-заман дәүірі толық жүз жылға созылады.

Бұрын өз еркімен жүрген елдің тіршілігі осы дәуірде қайғыны да, қазаны да толып жатқан-өзгерісті де көрген. Сол ауыр күндерді ел ортасынан екі алуан адамды шығарды дегенбіз. Біреуі тарихи өлеңдерде саналған ел қаһармандары, екіншісі ел тілегін айтып, зар мұңын сөзбен шығарған ойшыл қария, өлеңші ақын, жырау болатын” (Auezov, 1991) – деп анықтама береді М. Әуезов.

Демек, қазақ қоғамдық ойы тарихында ерекше орны бар “Зар-заман” дәуірінің ақындарының басын қосып тұрған саяси күй, сарын, тарихи ахуал қандай еді? Олардың өлең жыр, толғауларына ортақ болған қандай мәселелер? Қай кезеңден бастап олар халыққа таныла бастады? Міне, осы мәселелердің басын ашып қарастыратын болсақ “Зар-заман” дәуірінің ақындары туралы кең мағұлмат аламыз. Бұл тақырыпты жазудағы мақсатымыздың өзі осы.

Зар-заман ақындарының көпшілігі XIX ғасырдың орта кезінен бері қарай Истатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы (1836-1838) және Кенесары Қасымов (1837-1847) бастаған ұлт-азаттық көтерілістен кейін тарих саҳынасына шығады.

Эксперимент

XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлт азаттық көтерілістер күшпен басып жанышылғаннан кейін, халықтың ой өрісі, танымы, білімі ерекше азamatтары туған халқының мұң-мұқтажын көтеріп, күреске шыға бастайды. Олардың шығармашылығына тән құбылысты, идеяларды М. Әуезов былай сипаттайды: “Бұл ақындар да ел тіршілігі мен ел ұғымына тіпті шырқап кетпейді. Бірақ елмен кейде ұғысса кейде ұғыспайды. Елді кейде мактаса, кейде сынап,

сөгеді. Кейде елмен бірге қуанса, үміт қылса, кей уақытта көптен жалғыз шығып, бөлініп алғып жылайды. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат мұн, зар сияқты сезімдерінің басын қосып жаңадан ой негізін, салт санаасын құра бастайды. Бұл уақытқа шейін болмаған әулетшілдік сарыны, азamatтық нысанасы шығады (Babatayuly, 2001). Отарлық езгіге қарсы бағытталған С. Датұлы (1787-1797), И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлы (1836-1838), К. Қасымұлы (1837-1847), Е. Қотібарұлы (1855-1857) және Ж. Нұрмұхамедұлы (1856-1857) бастаған көтерілістер аяусыз күшпен басып жаныштағаннан кейін, халықтың жай күйі оналмай енсесі түсіп, болашаққа деген үміті үзіліп, қайғыға түскен уақыты болатын. Сол халықтың қайғылы қөніл-күйін, қасіретін, патша өкіметінің илеуіне түскен тағдырын нұрлы-сұлы құнарлы жерлердің тартип алынуын, жалпы қазақ халқының басындағы ауыр халді жырларына арқау еткен, ойшыл, уайымшыл (қайғышыл) ақындар шоғырын тарих саҳынаша шығарды. “Зар-заман” ағымының халық арасында есімдері жыр, толғаулары кең танымал болған ақындары Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы болып саналады. Енді әрбір ақынның шығармашылық мұраларына жеке тоқталайық.

Біз жоғарыда “Зар-заман” атавы Шортанбай Қанайұлының өлеңімен байланысты туындағанын айтқан едік. Бәрінің басын қосып тұрған саяси күй, сарын ортақ болғанмен, әрқайсысы өз танымымен халқының отарлық тәуелділіктегі тұрмысын, жер сүйнен тарылуын, береке-бірлігінің кетуін, ұлттық салт-дәстүрінің “аяқ асты” болуын өздерінше халыққа жеткізді.

Дулат Бабатайұлы (1802-1874) хандық дәуір жойылып, аға сұлтандар басқарған заманның жыршысы.

Дулат Бабатайұлы Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Сандықтас қонысында дүниеге келген. Орта жүз құрамындағы найман тайпасынан шыққан (Syinshaliyev, 1997: 4). Өмірі туралы деректер толық зерттелмеген. Өлендері ел ішінде ауызша және қолжазба түрінде тараган. Ескіше сауатты, көкірек көзі ашық ойлы, зерделі ақын. Дулатты өз көзімен көріп, оның өлендерін жазып, сақтан келген Шыңғыстау ақындары Фаббас Байділдәұлы мен Шәкір Әбденұлының еңбегі ерекше. Бұл азamatтар Дулат Бабатайұлының өзін көрмese де оны көрген Байділдә ақсақалдың қолжазбасын сақтап, жүртшылыққа табыс еткен.

Байділдә (1839-1919 жж) Дулат Бабатайұлы жақсы билетін замандас, өкшелес адам болған. Ол

Дулат өлеңдерін жазып алғып, қолжазба түрінде сақтап келген. Қазақстан ғылым академиясының әдебиет пен өнер институтының қолжазба қорындағы Дулат өлеңдерінің біразы (1500 жолдай) соның сақтауы арқылы жеткен. 1880 жылы Қазанда шыққан “Өсиетнама” кітабында ақынның біраз өсиеттері мен толғаулары енген. Жалпы көлемі сегіз жүз жолдай (Omiraliyev, 1993:113). “Өсиетнама” жинағына оның сол кезеңдегі қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірін шыншылдықпен жырладап бейнелеген қоғамдық ой тудырған толғаулары енген. Дулат ақынның нақыл сөздері, жыр толғаулары, әзіл-оспақ өлеңдері, ел арасында кең тараган.

Әдебиетші, профессор М. Мырзахметов Дулат ақынның толғауларына арқау болған мәселелердің басын былай ашып көрсетеді: “Дулат ақындығы XIX ғасырдың алғашқы жартысында дамып, қалыптасып сол кезеңнің тарихи-әлеуметтік шындығы ақын өлеңдеріне арқау болып өріліп жатты. Дулат творчествасының басты ой сарыны мен өзекті такырыптары сол кезеңнің саяси-әлеуметтік өмір шындығына тікелей байланысты туындал жатқан құбылыстар болатын-ды”, (Babatayuly, 1993: 56).

Дулат ақындық құрган заманда хандық құрылыш жойылып, 1822 жыл мен 1867-1868 жылдар аралығында ел билеудің отаршылдық негіздегі аға сұлтандық жүйесі орнағын, ел билеудегі жаңа терминдік атаулар дүниеге келді, осыған орай қазақ атқамінерлерінің жаңа тобы қалыптасты. Дулат өлеңдеріндегі өткір сын нысанасына алынатын, қазақ атқамінерлерінің жаңадан пайда болған типтері де дәл аға сұлтандық жүйе тудырған, билікке орай туындаған құбылыстар екенін айна-қатесіз танимыз.

Дулат Бабатайұлы халқының патшаәкімшілігі тараپынан көрген зорлық-зомбылығымен қоса, жергілікті атқамінер ел билеушілерінің қысым көрсетіп қорлауы, яғни екі елдің екі жақты қаналуы, кірпітарлық күйі мен оның бойында осы саясатқа деген өшпендейлік сезімін тудырды.

Жауға шабар ерің жок
Сақадай болып сайланып...
Жерінің алды шұрайын
Дуан салып жайланаң
Датыңды айтсаң орыска,
Сібірге кеттің айдалып.
Патшаның заның қуаттап,
Жол ашып елді суаттап.
Баладай алдап уатпак,
Би дегенің би емес,
Ел алдағыш мекери.

Шен-шекпенге құмарткан,
Қанталап көзі мұнартқан,
Саудалап елін тиынға,
Құмартып патша сыйына
Бек дегенің бек емес,
Хан жалшысы нөкері.
Шек-шекпенге сатылып,
Батпакқа елін батырып,
(Bes gasyr zhyrlaydy, 1989:274) –

дейді.

Бұл толғау үзіндісінен байқайтынымыз, ақын орыс отаршылдығы қазақтың жерін емін-еркін иемденіп, қожалық еткеніне кектенеді. Ресей империясының билеу, басқару жүйесіне мүлде қарсы. Өз мұддесін халықтың мұддесінен жоғары қойған шенқұмар би болыстардың мансапқор және шенқұмар қасиетсіз жандардың көбейгендігіне налиды. Дулат Бабатайұлының өлең-жырларының басты сарыны отаршылдық әрекеттерге рухани қарсылық көрсету. Оның “Тегімді менің сұрасаң”, “О, Сарыарқа, Сарыарқа”, “Асқар таудың сәні жоқ”, “Айтпасымды айтқыздың”, “Ақжайлау мен Сандықтас” жырлары мен би-болыс, байлардың ісін сынап айтқан “Сұлейменге”, “Бараққа”, “Кеңесбайға” атты арнау өлеңдері бар.

Дулат Бабатайұлының атамекен қоныстың өзге ділі бөтен, діні бөтен жат елдің иелігінде болуына жаңы қатты қүзелетінін, туған елінің жеріне, табиғатына деген асқан сүйіспеншілігін оның мына толғауы айқындаиды.

Аккан бұлак сай-салаң,
Шытырман тоғай айналан,
Жаңы жайлау кең алан,
Атам қонған кең далам!
Мендей сені қызғанар,
Бауырында өскен қай балаң?!
Көл корығын қызығыштай,
Сен десе салам байбалам... –

дейді.

Жыр-толғауларындағы ой бір сарын-дас боғандықтан біз олардың бәріне бірдей тоқталмаймыз.

«О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жоқ», «Айтпасымды айтқыздың», «Ақжайлау мен Сандықтас» т.б. жыр толғаулар.

Оз заманындағы дана, көреген ақындардың бірі саналған Дулат Бабатайұлы 1971 жылы өз елінде қайтыс болады.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқын екі жақты қанауға қарсы батыл,

ашық үн көтерген, арсыз би-болыстың ісін сынаған, қарапайым халықтың қайғы-қасіретін, тауқыметін серпілтүге тырысқан Дулат ақынның толғауларының тағылымды мәні зор.

Шортанбай Қанайұлы (1818-1881) зар заман ағымының айтулы ақыны, Шортанбай ақынның өмірбаяны туралы мәліметтер аз. Дегенмен, кейбір мәліметтерге сүйенсек, Шортанбай Қанайұлының 1818 жылы Түркістанның маңындағы Қаратауда шаруа Қанайдың отбасында дүниеге келген (Syinshaliyev, 1997: 555). Жас шағынан мұсылманды оқып замандастары қатарлы білім алған. Қазақтың әулиелік орны, киелі мекені Түркістанның болашақ ақынға берген тәлімі, әсері ерекше еді.

Нәтиже мен талқы

Сонымен, эксперимент нәтижелерін зерделі келе мынадай қорытындыға келдік:

Қожа Ахмет Яссайдің «Диуани хикмет», туындысын Ахмет Иұнайдің, Сұлеймен Бақырғанидің шығармаларын оқып, ақын өз танымын кеңейтеді. Білім мен өнер жолын максұт еткен ол Түркістанға жалғас жатқан Бұқар, Самарқан сияқты мәдени ошақтарымен де таныспай қалмайды. Мұсылмандылдық жолындағы оқудың нәтижесі оның қолын имамдық дәрежеге жеткізді. Бұл жолда қызмет атқару үшін Түркістаннан Арқаға, Қарқаралыға қаасты Бесата жайлана Жамантай төрениң мекеніне қоныс аударады. Одан кейін Аюлы Ақсу бойын мекендеген Жанғұтты бидің қарамагынан шағын мешіт салдырып, медресе ашады. Өмірінің соңына дейін осы жерде тұрақтап тұрады. Қазақтың байлығының көзі төрт түлік малға толы Арқаның жері, ертеден сал сері, әнші, жырши, шешен, өнерсүйер адамдардың той-думан, құт мекеніне айналған бұл жер Шортанбай ақынның өміріне, қызметіне, жаңа тың серпіліс береді. Діндарлық жолға түсken, ишанға Арқа жұртының өмірі ой салдырады. Ұған дейін өзінің өмір сүру салтының мүлде өзгеше болғандығын түсінеді. Себебі, Түркістан, Самарқанд халықтарының той думаннан гөрі, дінді насиҳаттауға ерекше көңіл бөлетін, дінге «бас ұрған», халық мешіт пен медресені басына көтеріп азан шақырып, аят оқып, дін хадистерін жаттап оны халыққа насиҳаттаумен айналыстаын. Шортанбай Қанайұлының өзі де осы жолды үстанған болатын. Енді ойланып қараса, өмірде діннен басқа да қызықты салалар бар екен. Алайда, Шортанбай мешіт ашып, діни жұмыс істей бастағанымен дін жолына шын беріліп

түсे алмайды. Дін жолы да, өнер жолы да Шортанбай ақынды қызықтырады. Өмірден, өнерден қол үзу де, дін жолынан бас тартуда жөнсіз. Не істек керек? Ойланады. Толғанады. Шортанбай ақын екеуін де бірдей алып журуге тырысады. Амалын тауып дінді де, өнерді де серік етуге бел буады. Жиын топтың әуеніне қарай әрекет қылады. Діни рәсім керек жерде такуалықпен көрініп, оның иман шартын бұзбайды. Маңына шәкірттер жиып, медіреседе тәлім береді. Жастық шақтың қызығы оны ойын-сауыққа жетелейді. Ел толған төкпе ақындарың айтыстары, жыршы-жыраулардың тамаша толғау, жырлары өнерге әуес, сөзге жүйрік тілге шешен Шортанбайдың жанына жағады. Енді ел жұрт Шортанбайды ишан деуден гөрі төкпе ақын деп атап кетеді (Auezov, 1991: 214).

Зерттеуші ғалым Х.Сүйіншәлиевтің көрсетуі бойынша, Шортанбай ақынның шығармалары 1882 жылдардан бастап, өлең, толғаулары бөлек кітап көлемінде жарық көреді. «Тар заман», «Опасыз жалған», «Байды Құдай атқаны», «Айттым сәлем», «Асан қожаға» т.б. енген. Оның шығармаларын, әсіресе патша отаршылығына қарсы қауым, ұлттық еркіндікті жоктаушылар, мұсылмандылықты дәріптеушілер құшағын жая қарсы алды. Шортанбай Қанайұлы – XIX ғасырдағы қазақ қоғамдық ойын қалыптастыруға ерекше ықпал жасаған айтулы тұлға. Оның шығармашылығы Ресей империясының отарлау саясатының шырқау шегіне жеткен тұсина сай келеді. Сол тарихи кезеңнің болмысы, халықтың көкейіндегі ойдың басты түйіндері ақынның шығармашылығында жатыр.

Шортанбай ақын «Зар-заман» толғауында қазақ халқының өміріне орыс отаршылдығымен бірге енген саяси-әлеуметтік өзгерістерді, ұлттық дәстүр салтымыздың «қаймағын» бұзған кесепатты іс-әрекеттерін батыл түрде ашық жырлайды.

Енді «Зар-заман» толғауына талдау жасайық.

Мынау заман қай заман !?
Азулығы бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малға жүгінген,
Мұның өзі тар заман.
Зарлығының белгісі
Бір-бірлерін күндеген.
Жай-жайна журмеген,
Мұның өзі тар заман
Мұсылманның хал кетті,
Тәнірім болғай демесін!.....

деп жырлағанына қарағанда заманның ауыртпалығы қындығы барша халыққа бірдей түсіп тұрмағандығын анғартады.

Патша өкіметі өзінің саясатын қол шоқпары болған, сойылын соққан, би-болыстар арқылы жүргізгені мәлім.

«Заман қайтып оналсын.
Адам қайтып куансын.
Майыр болды сыпайын.
Арылмластай дерт болды
Нашарға қылған зорлығын.
Кінәзді көрдің піріндей,
Тілшашті көрдің бійіндей,
Дуанды көрдің үйіндей
Абақты түр қасында,
Қазылып қойған көріндей,
Байлар ұрлық қылады,
Билер жейді параны,
Сақтап қойған сүріндей
Заманның түрі бұзылды
Текеметтің түріндей» (Dosmukhameduly, 1991: 102),

деп, қазақ халқының дәстүрлөрі өмір салтының бұзылуы, шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы, би-болыстардың отаршылдардың қолшоқпары болып, халқын жер-судан ығыстырып, алым-салықтың түрлерін көбейтіп өзге жүрттың қанауына түсіргеніне қынжылыс білдіреді.

Ақын 1881 жылы қазіргі Қарағанды мен Жезқазған облыстарына қарасты Шет ауданы жерінде қайтыс болады. Қорыта келгенде, Шортанбай Қанайұлы өзі өмір сүрген заманының қарапайым халыққа түсірген қайғы-қасіретін шынайы бейнелеген, келенсіз құбылыстарды сынаған сыншыл ақын. Шортанбай ақынның «Зар-заман» туындысы оның айрықша бір терең ойлы мұнцынан туындаған заманға шаққан мұнцы, азamatтық көзкарасы деп бағалануы тиіс.

«Зар заман» дәүірінің айбынды ерекше ақынның бірі – Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығы казақ жері талауга түсіп, кең байтақ жері тұтас отарланып, халқы бодандыққа түскен уақытқа тұра келеді.

Мұрат Мөңкеұлы 1843 жылы Атырау облысының Қарабау ауылында туған. X. Досмұхамедұлы ақын өмірінен берген мәліметі мынадай: «Мөңке баласы Мұрат 1843 жылы туып, 1906 жылы 63 жасында опат болады.

Туған жері Орал облысы, Гурьев уезі, Қарабау деген жер. Жүрген жері – Бөкейлік. Ммұраттың ата-тегі мал баққан шаруа қазақ. Мұрат жасында аз-кем молдаға оқығаны болған.

Мұрат бала күннен-ақ өлең айта бастаған. Ол бестен асқан соң той-тобырда өлең айтуды місі тұттай, заманындағы айтқыштардың бәрін айтысып жеңген» (Madibaeva, 1998: 56-57).

Мұрат ақынның шығармалары тұңғыш рет 1908 жылы Қазан қаласында Кәрімовтердің баспаханасында «Мұрат ақынның Ғұмар Қазыұлына айтқаны», деген атаумен шыққан жинақ басылды. Сондай-ақ 1924 жылы Халел Досмұхамедұлы Ташкентте «Мұрат ақын сөздері» атты шығармаларының жинағын шығарды (Auezov, 1991: 216).

Мұрат ақынның басқа «Зар-заман» ақындарынан ерекшелігі, өзінің жыр-толғауларының көпшілігі ата-қоныс құтмекен, тіршілік көзі, өзге жат орыс жүрттың иелігіне өткен жер мәселесіне арналған.

Қорытынды

Біздің пікірімізше, қай заманды болмасын жер мәселесі өте өзекті, құрделі ауқымды мәселе.

Ата-бабаларымыз мұра етіп қалдырыған атамекен жеріміздің байлығының жат елдің билігінде болғандығына өкініш білдіреді.

Еділді тартып алғаны –
Етекке колды салғаны.
Жайыкты тартып алғаны
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны...
Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны.
Ангарсаныз жігіттер.
Заманы тағы да
Бір қырсықтың шалғаны, –

дейді.

Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян» «Сарыарқа» «Қаз туган» толғау-дастандарында ежелден ата-қоныс мекен болған жерден айырылып, тіршілікке қолайсыз шөлелейтті жерге ығыстырылған, туған халқының өмірінің шырқы бұзылып, кері кеткенін, ашына жырлады. Мұрат Мөңкеұлы 1906 жылы 63 жасында, Жайық бойындағы Өрлік поселкісінде қайтыс болды.

Дулат Бабатайұлының, Шортанбай Қанайұлының, Мұрат Мөңкеұлының жыр-толғауларындағы сарын, идея, солармен тұтас замандағы ақындардың да жырларына арқау болған еді. Сондықтан біз басты ірі өкілдеріне ғана тоқталдық.

Әдебиеттер

- Қойгелдиев М. Отаршылдыққа қарсы күрес кезендері. – Алматы: Қазақ тарихы, 1993. – 41 б.
Мырзахметов М. Отаршылдық дәүіріндегі әдебиет. Жұлдыз, 1993. – 189 б.
Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 192 б.
Дулат Бабатайұлы. Қазақстан ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2001. – 294 б.
Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997. – 4 б.
Өміралiev К. Абай афоризмі. – Алматы, 1993. – 113 б.
Дулат Бабатайұлы. Толғаулар// Қазақ тарихы. – Алматы, 1993. – 56 б.
Бес гасыр жырлайды. I том. – Алматы, 1989. – 274 б.
Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1997. – 555 б.
Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 214 б.
Досмұхамедұлы Х. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Фылым, 1991. – 102 б.
Мәдібаева. Зар-заманның азулы ақыны // №3,4. – Алматы: Жалын, 1998. – 56 б.
Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 216 б.

References

- Auezov M. (1991). Adebiet tarihy [The history of literature]. Almaty, 192 b. (In Kazakh)
Auezov M. (1991). Adebiet tarihy [The history of literature]. Almaty, 214 b. (In Kazakh)
Auezov M. (1991). Adebiet tarihy [The history of literature]. Almaty, 216 b. (In Kazakh)
Bes gasyr zhyrabaydy. (1989) [Beat the 5th Century]. No I. Almaty, 274 b. (In Kazakh)
Babatayuly Dulat. (2001). Qazaq Ultyk entsiklopediasy [National Encyclopedia of Kazakhstan]. Almaty, 294 b. (In Kazakh)
Babatayuly Dulat. (1993). Tolgaular. [Overflowing]. Kazakh History. Almaty, 56 b. (In Kazakh)
Dosmukhameduly Kh. (1991) Qazaq tili zhoenindegi zertteuler. [Research on the Kazakh language]. Almaty, 102. (In Kazakh)
Koigeldiyev M. (1993). Otarshylykka karsy kures kezenderi [Stages of anti-colonialism]. Kazakh history, Almaty, 41 b. (In Kazakh)
Madibaeva. (1998). Zar-zaman azuly akyny [The oldest poet of the past]. №3,4. Almaty: Zhalyyn, 56 b. (In Kazakh)
Myrzakhmetov M. (1993). Otarshylykka karsy kures [Literature of colonial era]. Almaty: Zhuldyz, 189 b. (In Kazakh)
Omirliev K. (1993). Abay aforizmi [Abai's aphorism]. Almaty, 113 b. (In Kazakh)
Suyunshaliyev H. (1997). Qazaq adebietinin tarikhy [History of Kazakh literature]. Almaty, 4 b. (In Kazakh)
Suyisaliev H. (1997). Qazaq adebietinin tarikhy [History of Kazakh literature]. Almaty, 555 b. (In Kazakh)